

Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1796 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1033 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1033 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 45 бұйрығын қараңыз.

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес өнеркәсіп саласындағы лицензиарлар;
2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар айқындалсын.

2. Қоса беріліп отырған өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

3. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012

жылғы

29

желтоқсандағы

Өнеркәсіп саласындағы лицензиарлар

Р/с №	Лицензиар	Лицензияланатын қызметтің түрлері және кіші түрлері
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті	<p>Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану*:</p> <p>тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану*</p> <p>қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау*</p> <p>қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын эзірлеу жобаларын және технологиялық регламенттерді жасау*</p> <p>қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру*</p> <p>кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу*</p> <p>мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары</p> <p>мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары</p> <p>мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау</p> <p>ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату*</p> <p>ұңғымаларды жөндеуден кейін сынаулар*</p> <p>ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру*</p> <p>мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту</p> <p>кұрлықта және теңізде мұнайдың төгілуін, ұңғымалардың өздігінен атқылауын, мұнай және газ шығарындыларын (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау</p> <p>мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану*</p> <p>мұнай-газ кен орындарын эзірлеу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау</p>
		<p>Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану*:</p> <p>тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану*</p> <p>қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау*</p> <p>қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын эзірлеу жобаларын және технологиялық регламенттерді жасау*</p>

2.	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті	қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру*
		ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу
		кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу*
		пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу
		кеніштер мен шахталарды жабу бойынша жою жұмыстары
		ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату*
		ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау*
		ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру*
3.	Жергілікті атқарушы органдар	мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану*
		Заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) кара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүлктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және кара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және кара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі
4.	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі	Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану*:
		магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану
		Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу

* - қызметтің осы түрін (кіші түрін) лицензиялау тек лицензиардың құзыретіне кіретін бөлігінде ғана (тиісті реттеу саласында) жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1796 қаулысына

2-қосымша

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

Р/с №	Мемлекеттік орган	Лицензияланатын қызмет түрі	Лицензияланатын қызметтің кіші түрі	Лицензиар
1	2	3	4	5

1.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті	Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану	Тау-кен өндірістерін пайдалану; қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру;* ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу;* пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу бойынша жою жұмыстары; мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары; мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары; мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау; ұңғымаларды жер	Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті
			астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату;* ұңғымаларды жөндеуден кейін сынаулар;* ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру;* мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту; құрлықта және теңізде мұнайдың төгілуін, ұңғымалардың өздігінен атқылауын, мұнай және газ шығарындыларын (бұрқакқа қарсы жұмыстарды қоспағанда) болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау;	

			мұнай-химия, химия өндірістерін пайдалану*	
			Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
2.	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті	Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу		Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1796 қаулысымен

бекітілген

Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.10.2013 № 1066 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1)	қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламенті	тау-кен (пайдаландырылған кезінде) және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындау технологиясын сипаттайтын технологиялық регламенті	тау-кен (пайдаландырылған кезінде) және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындау технологиясын сипаттайтын технологиялық регламенті
2)	меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар), ал өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуы және мыналарды қамтуы тиіс:	меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттардың көшірмелері	

<p>тау-кен және мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау; қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын игеруге арналған жобалар мен технологиялық регламенттерді жасау; мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау үшін; мұнай-химиялық, химиялық өндірістерді жобалау үшін – жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің, электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдық техника құралдарының (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдық)</p>	<p>жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасының (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдықтар) болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>тау-кен өндірісін пайдалану, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстарын жүргізу үшін – инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесс</p>	<p>инженерлік құрылыстардың, машиналардың, тетіктердің, құралдардың, арнайы көліктердің, жабдықтардың, өлшеу жабдықтарының және бақыланатын технологиялық процестің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін: 1) лицензия не жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған ш а р т т ы ң ; 2) ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогы</p>	<p>лицензияның не жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған ш а р т т ы ң ; ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстарын жүргізу үшін: каротаж станциялары (ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы (каротаждық) кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр)</p>	<p>каротаж станциялардың (ұңғымалық аспаптар мен зондтардың, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттарының, арнайы (каротаждық) кабельдің, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың) болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін:</p>		

<p>1) лицензияның не жарылғыш заттармен жұмыс істеуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған ш а р т ; 2) перфорациялық жабдық және (немесе) жүйе</p>	<p>лицензияның не жарылғыш заттармен жұмыс істеуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған ш а р т т ы ң ; перфорациялық жабдықтың және (немесе) жүйенің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында бұрғылау үшін – бұрғылау қондырғылары, қашау, шегенделген құбырлар, шығарындыға қарсы жабдықтар, көтергіш агрегаттар</p>	<p>бұрғылау қондырғыларының, қашаудың, шегенделген құбырлардың, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегаттардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>ұңғымаларды жер астында және күрделі ж ө н д е у ; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату үшін; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін – тиісті технологиялық жабдықтар</p>	<p>тиісті технологиялық жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін – техникалық құралдар кешені, қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін мамандандырылған техника мен технология</p>	<p>техникалық құралдар кешенінің, қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін мамандандырылған техника мен технологияның болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>құрлықта және теңізде мұнай төгілуінің, ұңғымалардың өздігінен атқылауының, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау жұмыстары үшін – теңіздегі мұнай жинау құрылғысы (скиммер), жүзуші резервуарлар, бонолық тосқауылдар; құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтар, цементтейтін агрегаттар; шығарындыға қарсы жабдық</p>	<p>теңіздегі мұнай жинау құрылғысының (скиммер), жүзуші резервуарлардың, бонолық тосқауылдардың; құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтардың, цементтейтін агрегаттардың, шығарындыға қарсы жабдықтың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>мұнай-химия, химия өндірістерін п а й д а л а н у үшін: 1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс-өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар; 2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін</p>	<p>тетіктердің, технологиялық желілердің, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс-өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың; өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау</p>	

	бақылау бойынша аккредиттелген зертхана	бойынша аккредиттелген зертхананың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*	
3)	<p>мыналарды:</p> <p>машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;</p> <p>еңбек қауіпсіздігін бақылауды; метрологиялық бақылауды; маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия, химия өндірістерін пайдалану» қызметінің кіші түріне қолданылмайды);</p> <p>технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды (тау-кен өндірісінің қызметтерінің кіші түрлеріне қолданылмайды);</p> <p>қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар немесе қызметтер</p>	осы қызметтерді құру және (немесе) жауапты адамдарды тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері	тау-кен (пайдалану қазбаларды барлау), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық, мұнай-газ өндірістерін жобалау), мұнай-газ өндірістерін жобалау (технологиялық) бойынша қызмет үшін тағайындалмайды
4)	<p>тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (техникалық басшылар үшін – жоғары техникалық білім, мамандар үшін – кемінде орта арнайы білім) және техникалық басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы</p>	заңды тұлғалар үшін – мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты: тегін, атын, әкесінің атын, білімі бойынша мамандығын, лауазымын, тиісті салада жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте	
2. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану бойынша қызметтің түрі үшін			
1)	<p>меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптары, сондай-ақ магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдар, жабдықтар</p>	<p>1. Меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының, диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ негізгі жабдықтың техникалық сипаттамалары бойынша ақпаратты, сондай-ақ өтініш берушінің теңгеріміндегі негізгі өндірістік активтердің тізбесін көрсете отырып, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p> <p>2. Құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері</p>	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқық және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік» тіркеу мемлекеттік дерегі базасынан деректер мүмкіндігі болғанда ұсынылмайды
	<p>жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; магистральдық газ құбырларын, мұнай</p>		

2)	құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін с а қ т а у д ы ; еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасын ; қоршаған ортаны қорғауды; метрологиялық бақылауды қамтамасыз ететін қызметтер	осы қызметтерді құру туралы бұйрықтардың болуы туралы мәліметтер нысаны*	
3)	тиісті білім деңгейіне (басшылар үшін - мұнай-газ саласындағы жоғары білім, мамандар үшін - мұнай-газ саласындағы орта арнайы білім) жауап беретін және осы саладағы мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті техникалық басшылар мен мамандар құрамы (өндірістік персоналдың жалпы санының кемінде 70 %-ы)	қызметкерлердің әрқайсысы бойынша штат кестесі бойынша: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, осы саладағы мамандығы бойынша жұмыс өтілі жөніндегі ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*	өндірістік персонал өкімшілік-басқару персоналды (ӘБ қоспағанда, өндіріс тікелей жұмыс істейтін және кәсіпорын өндірістік процесі тікелей байланыс персонал
4)	белгіленген тәртіппен бекітілген: қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен і с - ш а р а л а р ; заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бағдарламалар ; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарлары (бағдарламалары); аварияларды жою жоспары	тиісті жоспарлар, бағдарламалар мен іс-шаралардың көшірмелері	
3. Электрмен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметі үшін			
1)	Осы саладағы мамандық бойынша жоғары немесе орта арнайы білімі және осы саладағы мамандық бойынша кемінде жарты жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті басшылар мен мамандар құрамы	қызметкерлердің әрқайсысы бойынша тегін, атын, әкесінің атын, білімі бойынша мамандығын, лауазымын, осы саладағы жұмыс өтілін қамтитын мәліметтер нысаны *	
2)	1) тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін қызметтер (персоналдар) – абоненттік қызметтер, учаскелер; 2) жедел диспетчерлік қызметті қамтамасыз ететін қызметтер (персоналдар) немесе диспетчерлік қызметтер көрсету жөніндегі заңды диспетчерлік орталықпен шартты (ниеттер хаттамасын) қамтамасыз ететін қызметтер (персонал)	1) тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін абоненттік қызметті (персоналды) құру туралы бұйрықтың көшірмесі; 2) жедел диспетчерлік қызметті (персоналды) құру туралы бұйрықтың не диспетчерлік қызметтер көрсетуге құқылы диспетчерлік орталықпен шарттың (ниет хаттамасының) көшірмесі	
3)	банк анықтамасымен расталған кемінде 10000 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айналым қаражаты	банк анықтамасы	
		өтініш беруші мен энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың арасында авария болған жағдайда резервтен орнын	

4)	тұтынушыларға, оның ішінде өңірден тыс жерлерге электр энергиясын жеткізудің техникалық мүмкіндігі	толтыру шартымен электр энергиясын жеткізуге және беруге және (немесе) таратуға арналған шарттар немесе ниеттер хаттамалары	
5)	меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тұтынушылармен жұмыс істеуге және абоненттік қызметтерді орналастыруға арналған ғимарат немесе үй-жай	құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері	

4. Құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары мен (немесе) қалдықтары болған заңды тұлғаларда өндірісінің барысында және мүлік кешенін сатып алу нәтижесінде құрылған түсті және қара металл сынықтары қалдықтарын өткізу бойынша қызметті қоспағанда заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет үшін

1)	<p>жеке меншік құқығындағы қоршалған және мыналарды : оттегі және пропаны бар баллондарды сақтауға арналған орынды; қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын және қорытпаларды топтары, түрлері, маркалары мен сұрыптары бойынша бөліп сақтауға арналған контейнерлерді, қораптарды немесе алаңдарды ; түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға және қайта өңдеуге арналған жабық үй-жайды не асфальтталған немесе қатты жамылғылы орынды; сынықтар мен қалдықтарды сұрыптауға, кесуге және пакеттеуге арналған жабдығы мен құралдары бар арнайы алаңдарды немесе өндірістік үй-жайларды; өрт сөндіру құралдарымен жарактандырылған түсті және қара металдардың жарылу қаупі бар сынықтары мен қалдықтарына арналған қ о й м а н ы ; жұмыс істеп жатқан персоналды орналастыруға арналған қызметтік ү й - ж а й д ы ; кәсіпорында бекітілген және оларды пайдалануға тиісті рұқсат беру құжаттары бар стационарлық немесе ұтқыр жүк көтергіш жабдықты, сондай-ақ жүк көтеру бойынша осы жұмыстарды жүргізу үшін технологиялық процеске сәйкес келетін құ р а л д а р д ы ; кәсіпорында технологиялық процеске сәйкес келетін түсті және қара металдардың сынықтарын кесуге, өңдеуге арналған жабдықты, сондай-ақ түсті және қара металдардың сынықтарын қайта өңдеуге арналған престерді және/немесе</p>		
----	---	--	--

	<p>гидроқайшыларды; олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдарын (автомобиль немесе темір жол таразыларын және/немесе басқа да өлшем құралдарын); олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтары радиациясының деңгейін өлшеуге арналған дозиметрлік немесе радиометрлік жабдықты қамтитын мамандандырылған өндірістік база. Көрсетілген талаптар түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын филиалды ашқан кезде қойылады. Лицензиясы бар заңды тұлғалар жеке тұлғалардан шығу тегі электр-техникалық, әскери және зымыран-ғарыштық сынықтан, байланыс желісінің кабельдерінен, рельстерден, бұрын қолданыста болған темір жол төсемі мен жылжымалы құрам элементтерінен, кәріз люктерінің қақпақтарынан басқа, түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қабылдауға құқылы.</p>		
2)	<p>түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін жалдаудағы немесе кез-келген заңды негіздегі (жүк) автокөлік</p>	<p>түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін жеке меншік құқығындағы немесе заңды негіздегі (жүк) автокөліктің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
3)	<p>мынадай мөлшерлерде: түсті металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 400 ш.м.; қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 1000 ш.м. автокөлік үшін кіреберіс жолдары бар және/немесе кіреберіс темір жол тұйықтары бар жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы жер учаскесі не оның үлесі</p>	<p>автокөлік үшін кіреберіс жолдары бар және/немесе кіреберіс темір жол тұйықтары бар жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы жер учаскесінің не оның үлесінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
4)	<p>кәсіпорында түсті және қара металдарды қайта өңдеу бойынша технологиялық процеске сәйкес пайдаланылатын жабдықпен жұмыс істеу үшін білікті персонал</p>	<p>білікті персоналдың тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, мамандығы бойынша осы саладағы жұмыс өтілі және олардың пайдаланылатын жабдықпен жұмыс істеу үшін арнайы даярлықтан өткені туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	

<p>түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның немесе оның өңірдің өзге жерінде орналасқан филиалының, мамандандырылған өндірістік базаның бөлігі болып табылатын қабылдау пунктін ашу үшін мыналардың болуы талап етіледі:</p> <p>5) 1) қолма-қол ақшамен жұмысқа ыңғайланған (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальдық жадысы бар бақылау-кассалық аппарат) үй-жай; 2) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген, олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар таразы шаруашылығы; 3) қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілілігі, лицензия нөмірі мен берілген күні, жұмыс режимі көрсетілген маңдайша; 4) кемінде 200 ш.м алаң.</p>	<p>қолма-қол ақшамен жұмысқа ыңғайланған (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальдық жадысы бар бақылау-кассалық аппарат) үй-жай, олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдары (автомобиль немесе темір жол таразыларын және басқа да өлшем құралдары), қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілілігі, лицензия нөмірі, жұмыс режимі көрсетілген маңдайша, кемінде 200 ш.м алаңның болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>Осы біліктілік талаптары заңды тұлғалардың өз өндірісі барысында және құрамында түсті және/немесе қара металл сынықтары және/немесе қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметке қолданылмайды. Мұндай заңды тұлғалар түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын Қазақстан Республикасында түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге лицензиясы бар заңды тұлғаларға ғана өткізе алады.</p>		

Ескертпе: * осы өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны

Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымша

Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) бойынша қызмет үшін:

зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жерүсті аппараттары, арнайы (каротаждық) кабельдің, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың) болуы туралы ақпарат

(қолда бар жабдықтың атауын көрсету);

5) мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін: жарылғыш заттармен жұмыс жасауға арналған лицензияның нөмірі _____

_____ ;

шарттың нөмірі * _____ ;

шарттың жасалған күні * _____ ;

лицензиясы бар ұйымның атауы * _____ ;

ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогының болуы туралы ақпарат * _____ .

* ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға арналған лицензиясы бар болған жағдайда 2), 3), 5) жолдар толтырылмайды;

б) мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында бұрғылау үшін:

бұрғылау қондырғыларының, қашаудың, шегенделген құбырлардың, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегаттардың болуы туралы ақпарат

(жабдықтың атауын көрсету);

7) ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату үшін; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін:

тиісті технологиялық жабдықтардың болуы туралы ақпарат

(қолда бар жабдықты көрсету);

8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін:

техникалық құралдар кешенінің, қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін арнайы техника мен технологияның болуы туралы ақпарат

_____ (қолда бар құралдарды, техниканы, технологияларды көрсету);

9) құрлықта және теңізде мұнай төгілуінің, ұңғымалардың өздігінен

атқылауының, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау жұмыстарын жүргізу үшін: теңіздегі мұнай жинау қондырғысының (скиммер), жүзуші резервуарлардың, бонолық тосқауылдардың; құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтардың, цементтейтін агрегаттардың; лақтыруға қарсы жабдықтың болуы т у р а л ы а қ п а р а т .

(қолда бар жабдықты көрсету);
10) мұнай-химия, химия өндірістерін пайдалану үшін: тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде болуы туралы ақпарат

(қолда бар тетіктерді, қондырғыларды және басқа жабдықты көрсету);
өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың аттестатының нөмірі және берілген күні _____;
аккредиттелген зертханамен жасалған шарттың нөмірі * _____;
аккредиттелген зертханамен шарттың жасалған күні * _____.

* 3), 4) тармақтардағы ақпарат меншікті зертханасы болмаған жағдайда т о л т ы р ы л а д ы .

2. Құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары мен (немесе) қалдықтары болған мүлік кешенін сатып алу нәтижесінде және заңды тұлғаларда жеке өндірісінің барысында құрылған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу бойынша қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет үшін:

1. Меншік құқығындағы мамандандырылған өндірістік база:

1) базаның мекенжайы _____;

2) жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі _____.

2. Қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін жалданған немесе өзге заңды негіздегі (жүк) автокөліктің болуы туралы а қ п а р а т

_____ (әрбір көлік құралдардың атауын, техникалық құжаттардың нөмірлері және берілген күндерін көрсету).

3. Мынадай көлемде:

түсті металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін – кемінде 400 ш.м. _____ (учаскесінің көлемін көрсету);

қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін – кемінде 1000 ш.м. _____ (учаскесінің көлемін көрсету) автокөлік үшін кіреберіс жолдары бар және/немесе кіреберіс темір жол тұйықтары бар жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы жер учаскесінің не оның үлесінің болуы туралы ақпарат;

жер учаскесін беру туралы шешімнің нөмірі және оны қабылдаған күні _____

4. Кәсіпорында тиісті қара және түсті металдардың сынықтарын қайта өңдеу бойынша технологиялық процеске сәйкес пайдаланылатын жабдықпен жұмыс істеу үшін білікті персонал:

1) мамандардың тегі, аты, әкесінің аты _____;

2) лицензияланатын қызметтің кіші түрінің саласындағы жұмыс өтілі _____

5. Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындауы), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның немесе оның аумақтық тұрғыдан өңірдің басқа жерінде орналасқан филиалының, мамандандырылған өндірістік базаның бөлігі болып табылатын қабылдау пунктін ашу үшін:

қолма-қол ақшамен жұмысқа ыңғайланған (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальдық жады бар бақылау-кассалық аппарат) үй-жай, олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдары (автомобиль немесе темір жол таразыларын және басқа да өлшем құралдары), қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілілігі, лицензия нөмірі, жұмыс режимі көрсетілген маңдайша, кемінде 200 ш.м алаңның болуы туралы ақпарат

_____ (қолда бар үй-жай, жабдықты және басқаларды көрсету).

6. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

1) меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуы туралы ақпарат _____ (магистральдық газ

құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын, диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарын, сондай-ақ негізгі жабдықтардың техникалық сипаттамасы бойынша ақпаратты көрсете отырып, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдарды, жабдықты, сондай-ақ өтініш берушінің теңгеріміндегі өндірістік активтердің тізбесін көрсету);

2) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың болуы туралы ақпарат: қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі _____; бұйрықтың қол қойылған күні _____; жауаптының Т.А.Ә. _____;

3) тиісті білім деңгейіне (басшылар үшін – мұнай-газ саласындағы жоғары білім, мамандар үшін – мұнай-газ саласындағы арнайы орта білім) жауап беретін және осы саладағы мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті техникалық басшылар мен мамандар (өндірістік персоналдың жалпы санының кемінде 70 %-ы) құрамы туралы штат кестесі бойынша ақпарат: қызметкердің Т.А.Ә. _____; білімі бойынша мамандығы _____; лауазымы _____; осы саладағы мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____.

Ескерту. Қосыша 6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.10.2013 № 1066 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызмет үшін:

1) осы саладағы мамандығы бойынша жоғары немесе орта арнайы білімі және осы саладағы мамандығы бойынша кемінде жарты жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті басшылар мен мамандар құрамы туралы ақпарат: қызметкердің Т.А.Ә. _____; білімі бойынша мамандығы _____; лауазымы _____; осы саладағы жұмыс өтілі _____.

Ескерту. Қосыша 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.10.2013 № 1066 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1796 қаулысына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Өнеркәсіп саласындағы жекелеген қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1311 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 50, 608-құжат).

2. «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 80 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 41-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 80 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы № 426 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 24, 228-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 1894 және 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1311 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 9 маусымдағы № 552 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 29, 290-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1311 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 1296 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 47, 527-құжат).

6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 13, 92-құжат).

7. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1311 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 1941 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 56, 480-құжат).

8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 тамыздағы № 826 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 49, 445-құжат).

9. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1295 қаулысының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 3-4, 45-құжат).

10. «Өнеркәсіп саласындағы жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1311 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 967 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 63, 884 - құжат) .

11. «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 80 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 997 қаулысы.